

**5B011400-Тарих мамандығының
МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мамандығы: 5B011400-Тарих

Білім беру бағдарламасының деңгейі: Бакалавриат.

Академиялық дәреже: 5B011400-Тарих мамандығы бойынша білім бакалавры.

1. Білім беру бағдарламасының паспорты:

1.1 Біліктілік және лауазымдар тізбесі:

5B011400-Тарих мамандығы бойынша жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруде қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға 5B011400-Тарих мамандығы бойынша «білім бакалавры» академиялық дәрежесі және (немесе) біліктілік беріледі.

Біліктілік пен лауазымдар Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25 қараша 2010 жылғы №385-ө бұйрығымен бекітілген «Басшылар, мамандар және басқа қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына» сәйкес анықталады. (Егер бұдан жаңасы шыққан болса, соны қою керек).

1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері: Еліміздің экономикасының еңбек нарығында өркендеп даму мүмкіншіліктері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат етеді. Сол себепті, білім алушы саналы ұрпаққа сапалы білім беру. Дүниетаным, тіршіліктің ғылыми-философиялық, діни негіздері, адам өмірі және қызметінің мазмұны мен теориялық мәні туралы терең білім беру. Кәсіби қалыптасқан маман дайындау.

1.3. Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы

Кәсіби қызмет саласы: Білім беру, ғылым, мәдениет, мемлекеттік қызмет және т.б.

Кәсіби қызмет нысандары: Оқу бітіруші түлектердің кәсіптік қызмет объектісіне жалпы білім беретін мектептер, лицей, гимназия, колледж, ғылыми-зерттеу орындары, шығармашылық ұйымдар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар жатады.

Кәсіби қызмет пәні: Білім бакалаврының негізгі қызмет пәні замануи қорнекі құралдар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқыту мен тәрбиелеу процесін өз дәрежесінде жүргізу.

Кәсіби қызмет түрлері: Білім беру (педагогикалық) – жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда; ғылыми-зерттеу (ғылыми-зерттеу мекемелерде, баспа орындарында); сарапшы- кеңесшілік (ғылыми-зерттеу мекемелерде, мәдени мекемелерде, баспа орындарында); ұйымдастыру-басқару (орта мектептерде, гимназиялар мен лицей, колледждерде мамандығына тікелей қатысы бар мекемелерде)

Кәсіби қызмет функциялары: Жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде дәріс беру және педагогикалық қызметті ұйымдастыру және дамыту; келешек ұрпақты тәрбиелеуді іске асыру; мамандығына қатысты ғылыми, тарихи, мәдени шаралар ұйымдастыру; оқу-әдістемелік әдебиетті өңдеуге қатысу; оқу, тәрбие және дамудың тұтастығын қамтамасыз ету; келешек ұрпақты еркін бағдарлануға және өзін-өзі дамытуға үйрету; тарих мәселелері бойынша оқу процесін ұйымдастыруда кеңес беруге көмек көрсету; оқушылардың арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу, ұйымдастыру.

Кәсіби қызмет типтік міндеттері: 5B011400-Тарих бакалавры келесі міндеттерді шешуге даярланған болу тиіс: адамға, қоршаған орта, ойлау мәдениетіне қарым-қатынасты реттейтін гуманитарлық мәдениет, этникалық және құқықтық нормаларын игерту; студенттің жеке білім бағдарламасын таңдауы; жоғары білімнің келесі баспалдағында білімді жалғастыру.